КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 24-қазан №1912-24-00-2/1905 іс Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.М.Утепбергенова,
сот отырысының хатшысы Б.У.Пулатбаева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы сот отырысында қойылған талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ТАТО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде тараптар арасында «Жол блокираторын сатып алу» туралы 2024 жылдың 25 мамыр №205 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарттың жалпы сомасы 3 699 994 теңге.

Шарттың орындалу мерзімі шарт қазынашылық органда тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде 2024 жылғы 12 шілдеге дейін деп белгіленген.

Шарттық міндеттемелерін қамтамасыз ету сомасы 110 999 теңге жауапкермен 2024 жылдың 24 маусымында енгізілген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер қарсы пікір ұсынбады.

Талап қоюшының өкілі жазбаша арызбен талапты қуаттап, қанағаттандыруды және өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады.

Тиісті түрде сот отырысының уақыты мен күні хабарланған жауапкер және үшінші тұлға белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 6-бөлігінің (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі үшінші тұлғаның қатысуынсыз қарауға ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған, портал арқылы хабарламаларға жауап қайтармағаны, сол себептен шарт 2024 жылдың 15 шілдесінде бұзылғаны, шарттық міндеттемелерін орындамау себептерінің дәлелдемелерін сотқа ұсынбағаны орын алды.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 01.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Утепбергенова С. М., 03.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 109,117-бабтарына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226,229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«ТАТО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ТАТО» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 1846 (бір мың сегіз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.М.Утепбергенова**

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 01.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Утепбергенова С. М., 03.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 01.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Утепбергенова С. М., 03.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»